- Подключение к электрической сети должно выполняться в соответствии с местными нормами.

МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

Бұл кір жуу машинасы тек жеке үй шаруашылығына ғана арналған машина жуылатын киім-кешектерді жууға айналдыруға арналған.

- Кір жуу машинасын пайдалану кезінде осы пайдалану нұсқаулары мен бағдарлама диаграммасында көрсетілген нұсқауларды орындаңыз.
- Осы Пайдалану нұсқаулары мен Бағдарлама диаграммасын сақтаңыз; кіру жуу машинасын басқа біреуге тапсырсаңыз, оған да Пайдалану нұсқаулары мен Бағдарлама диаграммасын беріңіз.

САҚТЫҚ ШАРАЛАР ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ҰСЫНЫСТАР

1. Қауіпсіздік нұсқаулары

- Кір жуу машинасы тек үй ішінде пайдалануға арналған.
- Бұл аспаптың жанына жанғыш сұйықтықтарды қоймаңыз.
- Балалар кір жуу машинасымен ойнамауы немесе барабанның үстіне шықпауы тиіс.
- Кір жуу машинасын 8 жастан үлкен балалар басқара алады, сонымен қатар бақылауда немесе кір жуу машинасын қауіпсіз пайдалануға қатысты нұсқаулармен таныс болса және пайдаланудан болатын қауіптерді түсінсе, физикалық, сенсорлық қабілеттері шектеулі немесе ақыл-ойы кемтар адамдар немесе арнайы тәжірибе мен білімге ие болмаған адамдар басқаруы мүмкін. Балалар кір жуу машинасымен ойнамауы керек. Кір жуу машинасын күту және оған техникалық көмек көрсету жұмыстары бақылаусыз балалар тарапынан орындалмауы керек.
- Кір жуу машинасын 5°C-тан төмен температурада пайдаланбаңыз.
- Бос тұратын үлгілер үшін: егер кептіргішті кір жуу машинасының үстіне қойғыңыз келсе, алдымен біздің кепілдік бойынша қызмет көрсету бөлімге немесе мүмкін болса арнайы дилеріңізге хабарласыңыз. Бұған тек кептіргіш кір жуу машинасына Кепілдік бойынша қызмет көрсетубөлімі немесе маман-дилерден сатып алуға болатын арнайы бекіткіш жиынтықпен бекітілген кезде ғана жол беріледі.
- Жабдықты пайдаланылмайтын кезде қосулы қалдырмаңыз.
- Пайдаланбайтын кезде кранды өшіріңіз.
- Қандай да бір тазалау және техникалық қызмет жұмыстарынан бұрын машинаны өшіріңіз немесе оны розеткадан суырыңыз.
- Есікті күшпен жабуға немесе оны тірек ретінде пайдалануға болмайды.
- Егер қажет болса, қуат кабелін Кепілдік бойынша қызметтен сатып алынған бірдей кабельмен ауыстыруға болады. Қуат кабелін тек білікті маман немесе біздің Кепілдік бойынша қызмет арқылы ауыстырылуы керек.
- 3 жастан төмен балалар егер үздіксіз бақыланбайтын болса, олар кір жуғыш машинадан қашық болуы тиіс.
- Кір жуғыш машинаның желдеткіш саңылаулары қалың кілеммен жабылмауы тиіс.

- Егер кір жуғыш машинаны түпқоймаға немесе кез келген биік жерге қойғыңыз келсе, бұл түпқойманың төмендегідей екеніне көз жеткізіңіз:
  - кір жуғыш машинаның жоғары салмағына жеткілікті берік
  - толығымен деңгейлі
  - жеткілікті үлкен және айналасындағы аймақтың әдеттегіден тыс жұмыс істеген жағдайда кір жуғыш машинаның орнынан жылжуын шектейді.
- Егер кір жуу машинасы кірістірілген үлгі болса:
  - кірістірілмегенше, оны іске қоспаңыз
  - үстіңгі қақпақты алмаңыз.

2. Бумалау

- Бумалау материалдары 100% қайта өңделетін және қайта өңдеу белгісіне ие болуы керек ♺. Бумаланған материалдарды жою кезінде жергілікті қағидаларды орындаңыз.

3. Бумаларды және ескі кір жуу машиналарын жою

- Кір жуу машинасы қайпа пайдаланылатын материалдардан құрастырылған. Ол ағымдағы жергілікті қалдық тастау ережелеріне сәйкес тасталуы керек.
- Бұзуға бермес бұрын барлық таалағыш құралдардың қалдықтарын кетіріп, кір жуу машинасы пайдаланылмайтындай етіп қуат сымын қиыңыз.
- Бұл аспап Электрлік және электрондық жабдық шығындарындағы (ЭЭЖШ) 2002/96/EC еуропалық директивасына сай белгіленген. Бұл өнім дұрыс жойылғанын тексеру арқылы бұл өнім қалдықтарын қате өңдеуінен болуы мүмкін, қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтіретін қауіпті зардаптардың алдын аласыз.
- Өнімдегі  белгісі бұл құрылғы тұрмыстық қалдықтар еместігін көрсетеді. Оны электрлік және электрондық жабдықтарды қайта өңдеуге арналған тиісті жинау пунктіне тапсыру қажет. Жою процесі қалдықтарды жоюға арналған жергілікті қоршаған орта реттеулеріне сәйкес орындалуы керек. Бұл өнімді жөндеу, қалпына келтіру және қайта өңдеу туралы толық ақпарат алу үшін жергілікті қала әкімшілігіне, қалдықтарды жою қызметіне немесе өнімді сатып алған дүкенге хабарласыңыз.

4. Аяз

- Кір жуу машинасын аяз орын алуы ықтимал бөлмеге орналастырмаңыз. Солай жасауға тура келетін жағдайда әр пайдаланылғаннан кейін кір жуу машинасынан су толығымен ағызылғанына көз жеткізіңіз:
- Кіріс шлангісін су кранынан алып тастап, суды толығымен ағызып шығарыңыз.
- Ағызу шлангін сифоннан немесе қол жуу раковинасынан алып, суды толығымен ағызыңыз.
- Машинада қалған суды жеке үлгілерге арналған “Қалдық суды шығару” тарауындағы нұсқауларды орындай отырып ағызыңыз.

5. ЕО сәйкестік декларациясы

- Бұл кір жуу машинасы ЕО директиваларының қауіпсіздік талаптарына сәйкес жобаланған, құрастырылған және жеткізілген: 2006/95/ ЕО кіші кернеулі директива 2004 жыл/108/ЕО электромагниттік үйлесімдік директивасы

Өндіруші киім немесе бұйымдармен бірге берілетін матаны күту нұсқауларын тиянақсыз немесе қате орындаудан болатын зақымдарға жауапты емес.

КІР ЖУУ МАШИНАСЫН ПАЙДАЛАНУДАН БҰРЫН

1. Орамды алып тастау және тексеру

- Орамынан шығарғаннан кейін кір жуу машинасы зақымдалмағанына көз жеткізіңіз. Күмәндансаңыз, кір жуу машинасын пайдаланбаңыз. Кепілдік бойынша қызметпен немесе жергілікті бөлшек сатушымен хабарласыңыз.
- Орам материалдары (полиэтилен дорбалар, полистирол бөлшектер, т.б.) қауіпті болғандықтан, оларды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаңыз.
- Егер жабдық жеткізілмес бұрын суық әсеріне ұшыраса, оны іске қоспас бұрын бөлме температурасында бірнеше сағат ұстау керек

2. Тасымалдау болттарын алып тастау

- Тасымалдау кезінде ішкі бөліктері зақымдалмауы үшін кір жуу машинасы тасымалдау болттарымен бекітіледі. Машинаны пайдаланбас бұрын тасымалдау болттарын міндетті түрде алып тастау керек.
- Алып тастағаннан кейін саңылауларды берілген 4 пластмасса қақпақшамен жабыңыз.

3. Кір жуу машинасын орнату

- Басқару панелінен қорғаныс таспаны алып тастаңыз (үлгіде қолжетімді болса).
- Жабдықты оның үстінен көтермей, жылжытыңыз.
- Жабдықты қатты және тегіс бетке, мүмкін болса, бөлменің бұрышына орнатыңыз.
- Барлық төрт аяғы берік және еденге орнатылғанына көз жеткізіңіз және кір жуу машинасы тегіс тұрғанын тексеріңіз (құрылыс деңгейі).
- Ағаш не “қалқымалы еден” (мысалы паркет немесе ламинат еден болғанда) болған жағдайда жабдықты еденге бекітілген ені/ тереңдігі кемінде 60 x 60 см, қалыңдығы 3 см фанера тақтайға қойыңыз.
- Кір жуу машинасының негізіндегі желдету саңылауларын (үлгіде бар болса) кілем немесе басқа материал бөгеп тұрмағанына көз жеткізіңіз

4. Су кірісі

- Су кіріс клапан(дар)ын жергілікті су компаниясының ережелеріне сәйкес ауыз су желісіне жалғаңыз.
- Бір кіріс клапанды үлгілер үшін: суық су
- Екі кіріс клапанды үлгілер үшін: суық ЖӘНЕ ыстық у немесе тек суық су (“Орнату нұсқаулығы” бөлімін қараңыз).
- Су краны: 3/4 кертікті клапан коннекторы.
- Су қысымы (ағын қысымы): 100-1000 кПа (1-10 бар).
- Су машинасын су құбырына жалғау үшін тек жаңа клапандар пайдаланыңыз. Пайдаланылған клапандар қолданыстан шығарылып, тасталуы керек.
- Ыстық сумен жұмыс істейтін үлгілер үшін: ыстық судың кіріс температурасы 60°C деңгейінен аспауы керек.

5. Ағызу

- Суды ағызу үшін ағызу шлангісін сифонға немесе басқа шығысқа мықты бекітіңіз.
- Егер кір жуу машинасы біріккен ағызу жүйесіне жалғанған болса, су бір мезгілде құйылып және ағылуына жол бермеу үшін жүйенің ағызу шлангілерімен жабдықталғанын тексеріңіз (сифон арқылы ағызу әсері).

6. Электр қосылымы

- Електр қосылымдары білікті техникалық маман тарапына, өндірушінің нұсқауларына және ағымдағы стандартты қауіпсіздік ережелеріне сәйкес орындалуы тиіс.
- Кернеу, қуат тұтыну және қорғаныс талаптарына қатысты деректер есіктің ішкі бөлігінде беріледі.
- Бұл жабдықты ағымдағы ережелерге сәйкес жерге тұйықталған ұя арқылы желі розеткасына қосу қажет. Кір жуу машинасы ережелерге сәйкес жерге тұйықталуы керек. Өндіруші жоғарыда берілген нұсқауларды орындамауға байланысты мүлікке немесе адамдарға не жануарларға тиген зақымға жауап бермейді.
- Ұзартқыш сымдарды немесе көп розеткалы құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Желілік штепсельге киргізу немесе екі колюсті қосқышпен желілік ток көзінен ажырату орнату жұмыстарынын кейін үнемі орындалуы керек.
- Тасымалдау кезінде зақымдалған кір жуу машинасын іске қоспаңыз. Кепілдік бойынша қызмет бөлімімен хабарласыңыз.
- Кабельді тек Кепілдік бойынша қызмет ауыстыруы тиіс.
- Қалған ток тізбегін өшіру құралын (ҚТТӨҚ) пайдалану кезінде тек төмендегідей белгіленген модельді пайдаланыңыз .

КІР ЖУУ МАШИНАСЫН СИПАТТАУ (сур.1)

- Сүзгі жапқышының артында

a. Жұмыс беті (жеке үлгілер үшін) / Үстіңгі қақпақ (ендірілген үлгілер үшін)

b. Жуу құралы суырмасы

c. Басқару тақтасы

d. Қызметтік табақша (есік ішінде)

e. Есік

f. Сүзгісі және негіз астында төтенше ағызу шлангі (болған жағдайда) бар сорғы

g. Реттелмелі аяқтар

ЕСІК

- Есігін ашу үшін есік тұтқасын ұстап тұрып, есігін тартыңыз.
- Есік сырт етіп жабылғанша оны қатты күш салмай жабыңыз.

БІРІНШІ ЖУУ АЙНАЛЫМЫНАН БҰРЫН

Өндіруші сынау үшін пайдаланған қалдық суды шығару үшін кір киім салмай, қысқа уақытқа жуып көруді ұсынамыз.

1. Кранды ашыңыз.

2. Есігін жабыңыз

3. Аздаған жуғыш құралды (ең көп дегенде өндірушінің қатты кірлемеген киім үшін ұсынатын көлемнің 1/3-і) II жуу құралы диспенсерінің негізгі жуу камерасына салыңыз.

4. ”Синтетика” бағдарламасын таңдап, 60°C температурада іске қосыңыз (бөлек бағдарлама кестесін қараңыз).

КИІМДЕРДІ ДАЙЫНДАУ

Киімдерді сұрыптау

1. Киімдерді сұрыптау тәртібі...

- **Мата түрі / жапсырма белгісін сақтау**
  Мақта, аралас талшықтар, жеңіл күтім/ синтетика, ағаш, қолмен жуылатын бұйымдар
- **Түс**
  Ақтар мен түрлі түстілерді бөлектеу Жаңадан боялған бұйымдарды бөлек жуыңыз.
- **Өлшем**
  Жуу тиімділігін және барабандағы үлестіруді жақсарту үшін бірдей ауырлықтағы, әртүрлі өлшемдегі бұйымдарды жуыңыз.
- **Матаның нәзіктігі**
  Нәзік бұйымдарды бөлек жуыңыз: Жаңа жүнге , перделер және басқа нәзік бұйымдар үшін арнайы бағдарламаны пайдаланыңыз. Перде ілгіштерін әрқашан алып тастаңыз немесе пердені ілгіштерімен мақта қалта ішіне салып жуыңыз. Қолмен жуылатын маталарға арналған бағдарламаны пайдаланыңыз. Шұлықтарды, қайыстарды және ілгектері бар басқа кіші бұйымдарды (мыс., кеудеше) кір жуу машинасы үшін арнайы мақта қалталарға немесе түймелікпен жабылатын жастық тыстарына салып жуыңыз.

2. Бос қаптар
Тиындар, қауіпсіздік ілгектері және соған ұқсас бұйымдар киіміңізге, сондай-ақ, кір жуу машинасының барабаны мен бағына зақым келтіруі мүмкін.

3. Ысырмалар
Түймелікті жабыңыз және түймелер немесе ілгектерді бекітіңіз; бос қайыстарды немесе бауларды бір-біріне байланыстырыңыз.

Дақты жою

- Қан, сүт, жұмыртқа және басқа органикалық заттар бағдарламаның фермент фазасында жалпы жойылады.
- Қызыл шарап, кофе, шәй және жеміс дақтарын т.б. жою үшін жуу құралы диспенсерінің негізгі жуу бөліміне II дақ тазартқышты қосыңыз.
- Сондай-ақ, жуудан бұрын ірі дақтарға дейін тексеру керек.

Бояу және ағарту

- Тек кір жуу машинасына сәйкес келетін бояғыштар мен ағартқыштарды пайдаланыңыз.
- Өндірушінің нұсқауларын орындаңыз.
- Машинаның пластикалық және резеңке бөлшектері бояғыштар немесе ағартқыштармен боялған болуы мүмкін.

Кірді салу

1. Есікті ашыңыз.

2. Жуатын нәрселерді бір-бірлеп, барабанға аса толтырмай салыңыз. Бағдарлама кестесінде берілген жүктеу көлемдерін қадағалаңыз (машинаға шамадан тыс жүктеме салу қанағаттанарлықсыз жуу жұмысына және киімнің қыртыстануына әкеледі).

3. Есікті жабыңыз. Киімнің есік пен есік тығыздағышы арасында қыстырылып қалмауына мұқият болыңыз.

ЖУУ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ҚОСПАЛАР

⚠ **Кір жуу құралдары мен қоспаларды қауіпсіз, балалардың қол жетпейтін құрғақ жерде сақтаңыз**

⚠ **Ешбір ерітінді пайдаланбаңыз (мыс., шайыр, бензол); ерітінділермен немесе жанғыш сұйықтықтармен өңделген маталарды машинада жумаңыз.**

Үйдегі кір жуу машиналарында жуу үшін шығарылған кір жуу құралдары мен/немесе қоспаларды ғана пайдаланыңыз.

Киіміңіздің күтім туралы жапсырмаларында көрсетілген ұсыныстарды орындаңыз.

Кір жуу құралын таңдау мыналарға байланысты:
- Мата түрі
- Түс
- Ұсынылған жуу температурасы
- Ластанудың деңгейі мен түрі

Киім түрі	Кір жуу құралының түрі
Ақ төзімді киім (суық-95°C):	ағартқышы бар ауыр жуу құралы
Ақ нәзік киімдер (суық-40°C):	ағартқышы бар жұмсақ кір жуу құралдары және/немесе оптикалық ағартқыштар
Ашық /пастель өңді түстер (суық-60°C):	ағартқышы бар кір жуу құралдары және/немесе оптикалық ағартқыштар
Қанық түстер (суық-60°C):	ағартқышы/оптикалық ағартқышы жоқ түсті кір жуу құралдары
Қара/күңгірт түстер (суық-60°C):	қара/күңгірт киімдер үшін арнайы кір жуу құралдары

Арнайы өңдеуді қажет ететін киімдер (мысалы, жүн немесе микроталшықтар) үшін дүкендерде бар арнайы кір жуу құралдарын, қоспаларды немесе алдын ала өңдеу құралдарын пайдалануды ұсынамыз.
Толық ақпарат алу үшін **www.cleanright.eu** интернет сілтемесін қараңыз.

”Алдын ала жуу” опциясын іске қосқанда негізгі жууға арналған сұйық кір жуу құралын пайдаланбаңыз.
Айналымның кейінірек басталуын / аяқталуын таңдау кезінде кір жуу құралын пайдаланбаңыз (модельге байланысты).

Мөлшер

Кір жуу құралындағы мөлшер ұсыныстарын орындаңыз. Олар мынаған байланысты:
- ластанудың деңгейі мен түрі
- жуу көлемі
  - толық жүктеу: кір жуу құралын өндірушінің нұсқауларын орындаңыз;
  - жартылау жүктеу: толық жүктеудің 3/4 мөлшерін;
  - ең аз жүктеу (шамамен 1 кг): толық жүктеудің жарты мөлшерін

  Кір жуу құралының қорабындағы белгілі бір кір жуу түріне сілтеме болмаса: кір жуу құралын өндірушілер ауыр кір жуу құралы үшін 4,5 кг киімге және нәзік кір жуу құралы үшін 2,5 кг киімге арналған мөлшер ұсыныстарын береді.
- аймағыңыздағы судың қаттылығы (су компаниясыңыздан ақпарат сұраңыз). Жұмсақ су қатты суға қарағанда аз кір жуу құралын талап етеді.

Ескеріңіз:
Тым көп кір жуу құралы артық көбікті шығарып, нәтижесіз жууға себеп болуы мүмкін.
Кір жуу машинасы тым көп көбікті анықтаса, ол шайқаудың алдын алуы немесе бағдарламаны ұзартуы және су тұтынуды көбейтуі мүмкін (“Ақаулықтарды жою нұсқаулығында” көбіктердің пай болуындағы ескертулерді қараңыз).
Жеткіліксіз кір жуу құралы киімнің нашар жуылуына және ысыту жүйесінің, барабанның және шлангтардың ағаруына себеп болуы мүмкін.

Жуу құралдары мен қоспалар салынады: (сур. **2**)

I **Алдын ала жуу бөлмесі**
- Алдын ала жуу фазасына арналған кір жуу құралы (“алдын ала жуу” опциясын іске қосқанда ғана)

II **Негізгі жуу бөлмесі**
- Негізгі жуу фазасына арналған кір жуу құралы (барлық жуу бағдарламалары үшін қосылуы керек)
- Дақ кетіруге арналған қоспа (міндетті емес)
- Су жұмсартқыш (міндетті емес; су қаттылығы 4 немесе одан жоғары болғанда ұсынылған)

Жұмсартқы бөлмесі
- Мата жұмсартқыш (міндетті емес)
- Суда ерітілген крахмал (міндетті емес)

Кір жуу құралын, қоспаларды немесе жұмсартқышты толтыру кезінде “MAX” белгісінен асып кетпеңіз.
Егер сұйық жуу құралын пайдаланатын болсаңыз, жуу құралын құйғаннан кейін **бірден диспенсерді жабыңыз.**
Бағдарламалардағы кір жуу құралы мен мата жұмсартқышты қолданумен байланысты қосымша ақпарат алу үшін бөлек бағдарлама диаграммасына қараңыз.

Хлорлы ағартқышты пайдалану ⚠Cl

- Киімдеріңізді қажетті бағдарламада (мақта, синтетика), ЖҰМСАРТҚЫШ бөліміне тиісті мөлшердегі хлорлы ағартқыш қосып жуыңыз (қақпақты мұқият жабыңыз).
- Бағдарлама аяқталғаннан кейін дереу қалған ағартқыш иісін жою үшін “Шаю және айналдыру” бағдарламасын іске қосыңыз; қаласаңыз, жұмсартқышты қосуыңызға болады.
- Хлорлы ағартқыш пен жұмсартқышты жұмсартқыш бөлмесіне бір уақытта салмаңыз.
- Оттегі негізіндегі ағартқыштарды пайдаланыңыз, мұндай жағдайда өндіруші нұсқауларын қадағалаңыз.

Крахмалды пайдалану

- “Шаю және айналдыру” бағдарламасын пайдаланыңыз және айналдыру жылдамдығының 800 айн/мин көрсеткішінен аспайтын етіп реттелгенін тексеріңіз.
- Бағдарламаны іске қосыңыз, жұмсартқыш камераның шамамен 3 см бөлігі көрінетіндей етіп жуу құралының диспенсерін тартыңыз.
- Су жуу құралының диспенсеріне құйылған кезде дайындалған крахмалды жұмсартқыш камерасына құйыңыз.

СҮЗГІНІ ТАЗАЛАУ/ ҚАЛҒАН СУДЫ АҒЫЗУ

Сүзгіні кемінде жылына екі не үш рет тексеріп және тазалап тұрған жөн, **әсіресе:**

- “Сорғыны тазалау” индикаторы (⊞) жанса:
- Егер жабдық суы толығымен ағызылмаса немесе айналдыру циклдарын орындай алмаса.
- Егер кір жуу машинасы аязды бөлмеде тұрса, зақымданудың алдын алу үшін әр жуған сайын қалдық суды ағызу керек.

МАҢЫЗДЫ: жабдықтан су ағызбас бұрын судың суығанын тексеріңіз.

1. Жабдықты тоқтатып, оны суырыңыз.
2. Негізді ашу үшін (үлгіге байланысты):
   - Негізді босату үшін кранды оңға және солға (бар болса) итеріп, шығарып алыңыз (сур. **3**).
   - Жуу құралы диспенсерінің сифон ендірмесімен негізді алып тастаңыз: негіздің бір шетін қолмен итеріңіз де, сифон ендірмені негіз бен алдыңғы тақта арасындағы аралыққа итеріп, негізді ашып көріңіз (сур. **4**).
   - Ендірілген үлгілер үшін: асүй негізін ағытып, алып тастаңыз.
3. Кір жуу машинасының жанына ыдыс қойыңыз.
4. Егер кір жуу машинасында төтенше ағызу шлангісі болса: Төтенше ағызу шлангін ағытыңыз немесе төтенше ағызу шлангін кір жуу машинасы негізінен тартыңыз (үлгіге байланысты). Егер төтенше ағызу шлангі болмаса: сүзгінің астына кең, тегіс ыдыс қойыңыз (сур. **6**). 5-8-ші қадамдарды елемей, 9-шы қадаммен жалғастырыңыз.
5. Төтенше ағызу шлангісі ұшын ыдысқа бекітіп, тығынды алып тастаңыз (сур. **5**).
6. Су толығымен аққанша күте тұрыңыз және тығынды шланг аузына бекітіңіз (сур. **7**).
7. Төтенше ағызу шлангісін қыстырғышқа бекітіңіз немесе кір жуу машинасының негізіне қайта итеріңіз (үлгіге байланысты).
8. Сүзгінің алдына, еденге сіңіргіш мақта матаға (мысалы, сүлгі) жайыңыз
9. Сүзгіні сағат тіліне қарсы бұру арқылы баяу ашыңыз (сур. **8**); су ағып кеткенше күтіңіз де, сүзгіні толығымен босатып, бұрап шығарыңыз.
10. Тек сүзгіні тазалау үшін: сүзгіні және сүзгі камерасын тазалаңыз; сүзгі камерасында сорғы роторының еркін қозғалатынын тексеріңіз.
11. Сүзгіні қайта енгізіп, оны сағат тілімен барынша бұрап бекітіңіз.
12. “Экожүйені” қайта іске қосу үшін жуу құралының диспенсеріне шамамен 1 литр су құйыңыз. Сүзгінің дұрыс және қауіпсіз енгізіліп, ешқандай су кірмейтінін тексеріңіз.
13. Негізді қайта орнатыңыз (сур. **9**); егер қажет болса, бұл үшін кір жуу машинасын артқа баяу шалқайтыңыз (тағы бір адам көмектесуі керек). Кірістірілген үлгілер үшін: асүй негізін қайта орнатыңыз..
14. Кір жуу машинасын розеткаға қосыңыз. Ол енді қайта жұмыс істеуге дайын.

КҮТУ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Кез келген техникалық қызмет көрсетуден бұрын кір жуу машинасын әрқашан ажыратыңыз.

Тазалағыш құрал диспенсерін тазалау

1. Диспенсер суырмасын тоқтағанша тартыңыз. Бөлімді босатып, толығымен шығарып алу үшін саусақпен “ИТЕРУ” таңбасының үстіндегі кішкентай ойыққа саусағыңызбен (сур. **10**) басыңыз.
2. Сифонды жоғары тартып, жұмсартқыш камерадан шығарыңыз (сур. **11**).
3. Барлық бөлшектерді ағып тұрған су астында жуыңыз.
4. Дымқыл шүберекпен диспенсер бөлімін тазалаңыз.
5. Жұмсартқыш камерасында сифонды тоқтағанша итеріп, қайта бекітіңіз; одан кейін диспенсер суырмасын диспенсер ұясына итеріңіз.

Су кірісі шлангісі

(үлгіге байланысты **12, 13** не **14**, суреттері)

Жеткізу шлангісінің сынғыштығы мен жарықтарын үнемі тексеріп, қажет болса, бірдей жаңа шлангпен ауыстырыңыз.

Суретте көрсетілген жеткізу шлангі сурет **13** аспапта бақылаусыз жу жеткізудің алдын алуға арналған қауіпсіздік клапаны бар; қауіпсіздік клапанының тексеру терезесі (**A**) қызыл болса, қауіпсіздік клапаны белсендірілген және шлангті ауыстыру керек. Жаңа жеткізу шлангісін алу үшін Саудадан кейінгі қызметке немесе арнайы дилеріңізге хабарласыңыз. Суретте көрсетілгендей жеткізу шлангісін бұрап ажырату үшін сурет **13**, ұрап шығару кезінде (“**B**” қол жетімді болса) тетікті төмен басуыңыз керек.

Жеткізу шлангіңіз түссіз болса (сур. **14**), мөлдір қабықтың түсін тұрақты тексеріп отырыңыз. Мөлдір шланг жергілікті күңгірт түске өзгеруді көрсетсе, шлангтен ағатынын және оны ауыстыру керектігін білдіреді. Ауыстыру шлангісін алу үшін Саудадан кейінгі қызмет ұжымына немесе арнайы дилеріңізге хабарласыңыз.

Су құю шлангісіне торлы сүзгіні тазалау

1. Кранды жауып, крандағы кіріс шлангіні босатыңыз.
2. Ішкі торлы сүзгіні тазалаңыз және судың кіріс шлангісін кранға бекітіңіз.
3. Кір жуу машинасының артындағы кіріс шлангісін босатыңыз.
4. Әмбебап қысқышпен кір жуу машинасы қосылымынан торлы сүзгіні тартып алып, оны тазалаңыз
5. Торлы сүзгіні қайта бекітіп, кіріс шлангіні қайта бекітіңіз.
6. Кранды қосып, қосылымдарға су өтпейтінін тексеріңіт.

Жабдықтың сырты және басқару панелі

- Жұмсақ дымқыл шүберекпен жуыңыз. Жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз.

Жабдықтың ішкі бөлігі

- Әр жуғаннан кейін жабдықтың ішін кептіру үшін оның егін біраз уақытқа ашып қойыңыз.
- Егер киімді 95°C температурада мүлдем жумайтын болсаңыз не сирек жуатын болсаңыз, жабдықтың ішін таза ұстау үшін кейде заттар салмай, аздаған жуу құралын қосып, 95°C температуралық бағдарламаны іске қосып тұруға кеңес береміз.

Есік тығыздатқышы

- Әр жуғаннан кейін есік тығыздағышын сіңіргіш матамен құрғатыңыз, бос кір жуу машинасының есігін жаппас бұрын есік тығыздағышы толығымен құрғақ екеніне көз жеткізіңіз.
- Есік тығыздағышының күйін тексеріп тұрыңыз.

Сүзгі

- Сүзгіні кемінде жылына екі не үш рет тексеріп және тазалап тұрыңыз (“Қалдық суды ағызу/ Сүзгіні тазалау”).

Құрамында еріткіштері, тазалағыш ұнтақ, шыны немесе жалпы мақсаттағы тазалағыштарды және тұтанғыш сұйықтықтар бар тазалағыштарды пайдаланбаңыз. Олар пластмасса беттерді не басқа бөлшектерді зақымдауы мүмкін.

АЙНАЛДЫРУДАН КЕЙІН КИІМНІҢ ҚАЛҒАН ЫЛҒАЛДЫҒЫ

Айналдырудан кейін киімдерде қалған ылғалдылық дәрежесі мата түріне, таңдалған бағдарламаға немесе айналдыру жылдамдығына байланысты. Ең аз қалған ылғалдылыққа Energy Label сілтеме беретін жуу бағдарламасының көмегімен, максималды айналдыру жылдамдығы арқылы қол жеткізіледі. Бұл бағдарлама бөлек бағдарлама диаграммасында “Energy Label үшін сілтеме бағдарлама” ретінде белгіленген. Әртүрлі айналдырып кептіру тиімділігінің кластарына қатысты қалған ылғалдылықты зерттеу төменде берілген:

Айналдырып кептіру тиімділік класы	Қалған ылғалдық % өлшемінде
A (= ең көп)	кем 45
B	45 немесе көбірек, бірақ 54 аз
C	54 немесе көбірек, бірақ 63 аз
D	63 немесе көбірек, бірақ 72 аз
E	72 немесе көбірек, бірақ 81 аз

ТАСЫМАЛДАУ / ПАЙДАЛАНУ

Тасымалдау кезінде жабдықты үстіңгі бетінен (егер бар болса) тартып, көтеруге болмайды.

1. Желілік штепсельді суырыңыз.
2. Кранды өшіріңіз
3. Машина есігі мен жуу құралының диспенсері дұрыс жабылғанын тексеріңіз.
4. Кіріс және ағызу шлангілерін ажыратыңыз.
5. Шлангілерден және жабдықтан бүкіл суды шығарыңыз (“Қалдық суды ағызу/ Сүзгіні тазалау” бөлімін қараңыз).
6. Тасымалдау болттарын (міндетті) бекітіңіз.

КЕРЕК-ЖАРАҚТАР

Кейбір жеке үлгілер үшін Кепілдік бойынша қызмет немесе маман-дилер арқылы сатып алуға болады:

- а **Тұғыр суырмасы**кір машинасының астына орнатуға болады. Ол жүктемені ыңғайлы салу немесе шығарып алу үшін машинаны көтереді, бұдан былай сізге құрылғыға барынша еңкеюдің қажет болмайды. Сонымен қатар, бұл – орын үнемдейтін құрал және тамаша сақтау шешімі.
- а **Қою жиынтығы**, ол арқылы суырманы кір жуу машинасының үстіне бекітуге болады.
- а **Қою жиынтығы сөресі**, оның көмегімен орынды үнемдеу үшін және суырманы жоғарыдан салу және шығаруды оңайлату үшін суырманы кір жуу машинасының үстіне бекітуге болады.
- а **Қақпақ жиынтығы**, оның көмегімен, мысалы, кір жуу машинасын асүйдегі ұзын беткейдің астына ендіруге болады. Мүмкін болса, кір жуу машинасының үлгісін Кепілдік бойынша қызметпен немесе маман-дилермен тексеріңіз.

САУДАДАН КЕЙІНГІ ҚЫЗМЕТТЕР

Саудадан кейінгі қызметке хабарласудан бұрын:

1. Мәселені өзіңіз шешуге әрекет етіп көріңіз (“Ақаулықтарды жою нұсқаулығын” көріңіз).
2. Мәселе шешілгендігін тексеру үшін бағдарламаны қайта іске қосыңыз.
3. Кір жуу машинасы қате жұмыс істеуді тоқтатпаса, Саудадан кейінгі қызметке хабарласыңыз.

Көрсету:

- Мәселенің сипаты.
- Кір жуу машинасының нақты моделі.
- Қызмет коды (SERVICE сөзінен кейінгі нөмір).

SERVICE 0000 000 00000

Кепілдік бойынша қызмет жапсырмасы есіктің ішкі жағында орналасқан.

- Толық мекенжайыңыз.
- Телефон нөміріңіз бен аймағыңыздың коды. Алдымен, кір жуу машинасын жеткізген сатушының Кепілдік бойынша қызмет көрсету орталығына хабарласуыңыз тиіс.

Дата виробництва зазначена на етикетці в форматі: тиждень (2 цифри) / рік (2 або 4 цифри)

Өндіруші:
Whirlpool Europe s.r.l.
Viale Guido Borghi 27
21025 Comerio (VA)
Италия

АҚАУЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Кір жуу машинаңыз қателерді бастапқы кезеңдерінде анықтап, талдайтын және дұрыс шешім қабылдауға мүмкіндік беретін автоматты қауіпсіздік функцияларымен жабдықталған. Бұл қателер көбіне жеңіл болып, олар бірнеше минутта жойылады.

Ақау	Себептері - Шешімдері - Кеңестер
Жабдық іске қосылмайды, индикаторлар жанбайды	• Қосқыш розеткаға дұрыс қосылмаған., • Розетка немесе сақтандырғыш дұрыс жұмыс істемейжі (оны сынау үшін үстел шамын немесе ұқсас жабдықты пайдаланыңыз) • Кір жуғыш машина бағдарлама іске қосылмастан бұрын және бағдарлама аяқталғаннан кейін қуатты үнемдеу үшін автоматты түрде өшіріледі. Кір жуғыш машинаны қосыңыз, бағдарлама таңдағышты “Өшіру/О” күйіне, одан кейін қажетті бағдарламаға қайтадан бұраңыз.
Жабдық “Іске қосу (Кідірту)” басылса да, іске қосылмайды	• Есік тиісті түрде жабылмайды. • “Балалардан құлыптау/Құлыптау түймелері” мүмкіндігі іске қосылған (үлгіңізде бар болған жағдайда). Түймелердің құлпын ашу үшін кілт таңбалы екі түймені бір мезгілде басып, кемінде 3 секунд ұстап тұрыңыз. Дисплейдегі кілт таңбасы жоғалады және бағдарламаны бастауға болады.
Жабдық бағдарлама кезінде тоқтайды және “Бастау(Кідірту)” индткаторы жыпылықтайды	• “Шаюды кідірту” режимі іске қосылған. Кірді айналдыру үшін “**Бастау(Кідірту)**” түймесін басыңыз. Суды айналдырмай ағызу үшін “Ағызу” бағдарламасын (егер бар болса) таңдаңыз немесе кемінде 3 секунд бойы “Қалпына келтіру/Ағызу” түймесін басып тұрыңыз. • Бағдарлама өзгертіледі - қажетті бағдарламаны қайта таңдаңыз және басыңыз: “**Бастау (Кідірту)**”. • Бағдарлама тоқтады және есік ашылды - есікті жауып, келесіні басу арқылы бағдарламаны қайта іске қосыңыз: “**Бастау(Кідірту)**”. • Жабдықтың қауіпсіздік жүйесі іске қосылды (бағдарлама кестесінде “Ақаулық индикаторлары” бөлімін қараңыз). • Су краны ашық емес немесе судың кіріс шлангісі майысқан немесе бөгеттелген (“Су краны жабылды” индикаторы жыпылықтайды).
Жуу құралы диспенсерінде жуу құралдарының және/ немесе қосымшалардың қалдықтары бар	• Кіріс су жеткілікті емес; судың торлы сүзгісі бөгеттелген болуы мүмкін (“Күтім және техникалық қызмет көрсету” бөлімін қараңыз).
Жабдық айналдыру циклы кезінде дірілдейді	• Тасымалдау болттары алынбаған; **машинаны пайдаланбас бұрын тасымалдау болттарын міндетті түрде алып тастау керек**. • Жабдық тегіс қойылмаған / барлық төрт аяғында берік тұрған жоқ (жеке “Орнату нұсқаулығын” қараңыз).
Соңғы айналдыру нәтижелері нашар	• Кір жуу машинасын қорғау үшін айналдыру фазасы кезіндегі тұрақсыздық (“Айналдыру кезіндегі тұрақсыздық” бөлімін қараңыз). • Шамадан тыс көбік айналдыруға мүмкіндік бермеді; “Шаю &және айналдыру” бағдарламасын таңдап, іске қосыңыз. Жуу құралының артық пайдаланылуына жол бермеңіз (“Жуу құралдары және қосымшалар” бөлімін қараңыз). • “Айналдыру” түймесі төмен айналдыру жылдамдығына орнатылған.
“Айналдыру кезіндегі тұрақсыздық” Бағдарламаның орындалуы жолағындағы “Айналдыру/ Ағызу” индикаторы жыпылықтайды немесе дисплейдегі айналдыру жылдамдығы жыпылықтайды, не бағдарламаның соңында айналдыру жылдамдығы индикаторы жыпылықтайды (үлгіге байланысты). Жуылған кір әлі өте ылғал.	Айналдыру кезіндегі кір жүктемесінің теңестірілмеуі жуу машинасының зақымдалуын болдырмау үші айналдыру фазасына кедергі келтірді. Жуылатын киім әлі дымқыл. Тұрақсыздық себебі: кішкентай жуылатын кір жүктемесі (аздаған үлкен не абсорбентті заттардан құралады, мысалы, сүлгілер) немесе үлкен/ауыр кір нәрселер. • Мүмкін болса, жуылатын нәрсені аз салмаңыз. • Үлкен немесе ауыр кір нәрселерді жуғанда түрлі көлемді басқа кір жүктемесін қосу ұсынылады. Егер ылғал кір жүктемесін айналдырғыңыз келсе, түрлі көлемді қосымша жүктемені қосып, “Шаю & және Айналдыру” бағдарламасын тиісті түрде таңдап, іске қосыңыз.
Жуылған бұйымда жуу құралының қалдықтары бар	Қою түсті материалдардағы ақ дақтар құрамында фосфаты жоқ ұнтақ жуу тазалағыштарында пайдаланылатын ерімейтін заттардан туындайды: - жуу құралдарының шамадан тыс мөлшерінің пайдаланылуына жол бермеңіз; мүмкін болса, “Қарқынды шаю” опциясын таңдаңыз; матаны тазалаңыз

Ақау	Себептері - Шешімдері - Кеңестер
Іске қосылатын бағдарламаның ортасында бірнеше минутқа тоқтайды; жуу бағдарламасы жалғаспауы мүмкін	Кір жуу машинасының қалыпты функциясы шаю фазасын оңтайландыру үшін пайдаланылады. Мұндай кідірудің себептерінің бірі жуу құралының тым көп пайдаланылуы болуы мүмкін; кір жуу машинасы көбік азаюы үшін автоматты түрде тоқтауы мүмкін. Көбік жуу циклын жалғастыру үшін жеткілікті болғанша бұл кідіру бірнеше рет қайталанды. Егер көбік сақталса, қызыл “Қызмет” индикаторы жанады және дисплейде “F18” не “Fod” көрсетіледі - мұндай жағдайда келесі беттегі “Қызмет” индикациясына қатысты нұсқауларды қараңыз.
Бағдарлама ұзақтығы “бағдарлама диаграммасында” немесе дисплейде (қол жетімді болса) көрсетілген уақыттан ұзағырақ немесе қысқарақ болады	жеткізілетін судың төмен температурасынан болатын ұзақ ысыту уақыты т.б. сияқты бағдарлама ұзақтығына әсер ететін факторларға бейімделуге арналған кір жуу машинасының қалыпты функциясы. Сонымен қатар, кір жуу машинасының сезу жүйесібағдарлама ұзақтығын жуылатын жүк көлеміне бейімдейді. Осы факторларға байланысты бағдарлама кезінде ұзақтық қайта есептеліп, қажет болса, жаңартылады; **мұндай мерзімдер барысында дисплейде анимация пайда болады (қол жетімді болса)**. Аз жүктер үшін “бағдарлама диаграммасында” көрсетілген бағдарлама уақыты 50% дейін қысқартылуы мүмкін.

Қате индикаторларының сипаттамасы

Ақаулық индикаторы жыпылықтайды	Дисплейдегі индикация (қол жетімді болса)	Сипаттама - Себептер - Шешімдер
“**Қызмет**”	“**F03**” және “**F43**” арасында (“**F18**” бен “**F24**” қоспағанда)	“Электр модулінің ақауы” “Қалпына келтіру” түймесін кемінде 3 секунд басыңыз.
	“**F24**”	Суды көп мөлшерде сіңіретін нәрселер үшін шығуы мүмкін не болмаса тек кішкентай жүктемелерге арналған бағдарламаға жүктемені тым көп салдыңыз. **Кір жуу машинасына жүктемені тым көп салмаңыз.** Бағдарламаны тоқтату үшін “Қалпына келтіру” түймесін кемінде 3 секунд басыңыз. Тоқтатылған жуу бағдарламасын тиісінше аяқту үшін “Шаю және айналдыру” бағдарламасын таңдап, іске қосыңыз.
	“**F02**” немесе “**FA**”	“Су тоқтауы ақауы” Бағдарлама таңдаушыны “Өшіру/O” позициясына қойыңыз, желілік штепсельді суырып, су кранын өшіріңіз. Одан кейін: • Жабдықты қайта қосыңыз. • Су кранын қосыңыз (егер су жабдық іске қосылмай тұрып, оның ішіне кіретін болса, бұл ақау барын білдіреді; кранды жауып, Сатудан кейін қызметпен хабарласыңыз). • Қажетті бағдарламаны таңдап, іске қосыңыз.
	“**F18**” немесе “**Fod**”	“Шамадан тыс көбіктену” Көбіктің тым болуы жуу бағдарламасын тоқтатты. Егер кір жуу машинасында “Дозалау көмекшісі” функциясы болса және оны пайдаланған болсаңыз: дозалау мәндері басқа бағдарлама топтарына орнатылғанын тексеріңіз (“Дозалау көмекшісі” бойынша жеке нұсқаулардан толығырақ мәліметтерді қараңыз). • “Шаю & Айналдыру” бағдарламасын таңдап, іске қосыңыз. • Одан кейін азырақ жуу құралдарын пайдалана отырып, қажетті бағдарламаны таңдап, іске қосыңыз. Ақауларды түзету нұсқаулығының бірінші бетіндегі “Машина бөлек тұру режимінде....” деп басталатын параграфты да қараңыз.

Ақаулық индикаторы жыпылықтайды	Сипаттама - Себептер - Шешімдер
“**Су шүмегі жабылды**” 	Жабдыққа су берілмейді не жеткіліксіз беріледі. “**Бастау(Кідірту)**” шамы жыпылықтайды. Тексеріңіз: • Су краны толығымен ашылған және су беру қысымы жеткілікті деңгейде. • Су кірісі шлангісі майысқан. • Су кіріс шлангісінің торлы сүзгісін бітелген (“Күтім және техникалық қызмет көрсету”). • Су шлангісі қатып қалды. • Су кіріс шлангісінің қауіпсіздік клапанын тексеру терезесі қызыл (жабдықта су шлангісі **13** суретінде “Күтім және техникалық қызмет көрсету” бөлімін қараңыз); шлангіні Кепілдік бойынша қызмет немесе біздің маман-дилерден сатып алуға болатын жаңа түріне ауыстырыңыз. Мәселе шешілгеннен кейін бағдарламаны келесі түймені басу арқылы қайта іске қосыңыз: “**Бастау(Кідірту)**”. Ақау қайта орын алған жағдайда Кепілдік бойынша қызметпен хабарласыңыз.
“**Таза сорғыш**” 	Қалдық су сорғымен шығарылмайды. Жабдық сәйкес бағдарлама қадамында тоқтайды; оны суырып, тексеріңіз: • Ағызу шлангісінде майысқан жерлердің бар-жоғын немесе шланг басқа себептермен бөгеттелгенін тексеріңіз. • Сүзгі немесе сорғы бөгеттелген (“Қалдық суды ағызу/Сүзгіні тазалау”) бөлімін қараңыз); **жабдықтан су ағызбас бұрын судың суығанын тексеріңіз**). • Ағызу шлангісі қатып қалды. Мәселе шешілгеннен кейін “Қалпына келтіру” түймесін кемінде 3 секунд басыңыз; кейін қажетті бағдарламаны іске қосыңыз. Ақау қайта орын алған жағдайда Кепілдік бойынша қызметпен хабарласыңыз.

Кір жуу машинаңызда дисплей болмаса, бұрын сипатталған жағдайлардың қайсысы қателіктің негізі болатынын тексеріп, сәйкес нұсқауларды орындаңыз.

ОРНАТУ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Суреттер Пайдалану нұсқаулығының мұқабасында берілген.

Кірістірілген кір жуу машиналары үшін: жеке Кірістірілген нұсқа нұсқауларын қараңыз.

Шу, артық дірілдер мен судың жылыстауы кір жуу машинасының дұрыс орнатылмауынан туындауы мүмкін.
Жеке үлгілер үшін: кір жуу машинасын жұмыс беткейіне қойып, тасымалдауға МҮЛДЕМ болмайды.

ТАСЫМАЛДАУ БОЛТТАРЫН АЛЫП ТАСТАҢЫЗ! (15 сур.)

Маңызды:
- **Тасымалдау болттары алынбаса, бұл жабдыққа зақымдар әкеледі!**
- **Жабдықты кейін тасымалдау үшін тасымалдау болттарын сақтап қойыңыз; тасымалдайтын жағдайда болттарды кері ретпен қайта бекітіңіз.**

1. Барлық 4 болтты босатып, бұрап шығарыңыз; 13 мм кілтті пайдаланыңыз (**16a**,**b** суреттері).
2. Одан кейін шамамен 2 см-лік бұрандаларға бекітіңіз, одан кейін бұрандаларды шайқап, тарту арқылы кір жуу машинасының артындағы пластмасса бөлшектерді тартып алыңыз (**16c, d, e** суреттері).
3. Жабу үшін кір жуу машинасымен бірге берілген пластмасса қақпақшаларды саңылауларға итеріңіз (**16f** суреті).

АЯҚТАРЫН РЕТТЕУ

Жабдық қатты және тегіс беткейге орнатылуы керек (қажет болса, құрылыс деңгейін пайдаланыңыз).
Егер жабдық ағаш және қалқымалы еденге орнатылса, жабдықты еденге бекітілген ені/ тереңдігі кемінде 60 x 60 см, қалыңдығы 3 см фанера тақтайға қою арқылы салмағын үлестіріңіз.
Егер еден тегіс болмаса, қажетінше 4 тегістеу аяғын реттеңіз; ағаш бөлшектерін аяқтарының астына қоймаңыз.
2-3 рет сағат тіліне сай қолмен бұрап, кір жуу машинасының аяқтарын шығарып алыңыз да, 13 мм кілттердің көмегімен контргайкаларды босатыңыз (суреттерді қараңыз: **17**, **18**).
Машинаны аздап көтеріп, оны шайқайтын аяқтың биіктігін реттеңіз (сурет **18**).
Маңызды: контргайканы жабдық корпусына қарай сағат тіліне қарсы бұрау арқылы бекітіңіз (сурет **19**, **20**).

СУ КІРІС ШЛАНГІСІН ЖАЛҒАУ

Егер су кіріс шлангісі әлі орнатылмаған болса, кіріс шлангісінің иілген ұшын қолмен кір жуу машинасының артындағы клапанға бұраңыз (сурет **21**, **22**). Гайканы бекіте отырып, кранның кіріс шлангісінің тік ұшын қолмен бұраңыз.

Назар аударыңыз:
- Шлангінің еш жері майыспауы керек!
- Жабдық **қысым түспейтін су қыздырғыштың** араластырғышына қосылуы керек.
- Кранды толығымен ашу арқылы қосылымдардың су өткізбейтінін тексеріңіз.
- Егер шланг тым қысқа болса, оны тиісті ұзындыққа ие қысым шлангісімен ауыстырыңыз (мин. 1000 кПа, EN 61770 мақұлданған түрі).
- Егер ұзынырақ су тоқтату шлангісі қажет болса, Сатудан кейінгі қызметке немесе дилерге хабарласыңыз.
- Кіріс шлангісінде сынған не жарылған жерлер бар-жоғын тексеріңіз және қажет болса, ауыстырыңыз.
- Кір жуу машинасын артқы ағызу клапанынсыз қосуға болады.

АҒЫЗУ ШЛАНГІСІН ЖАЛҒАУ

1. Ағызу шлангісі **23** суретінде көрсетілгендей орнатылған жағдайда: оны көрсеткілермен таңбаланған ұстағыштардан шығарыңыз.
2. Ағызу шлангісі кір жуу машинасының үстіне орнатылған жағдайда (сурет **24**): Оны көрсеткілермен таңбаланған екі ұстағыштан босатыңыз (үлгіге байланысты).
3. Суды ағызу үшін ағызу шлангін сифонға немесе басқа шығысқа мықты бекітіңіз.


- Ағызу шлангісінің еш жері майыспағанына көз жеткізіңіз.
- Шланг құлап кетпейтіндей етіп, оны бекітіңіз.
- Кішкентай қол жуғыштар жарамайды.
- Ұзарту үшін бірдей түрдегі шлангіні пайдаланып, қосылымдарды қыстырғыштармен бекітіңіз.
- Сифон биіктігі - ағызу шлангісінің ұзындығы кемінде 60 см, ең көбі 125 см болуы керек.
- Макс. жалпы ағызу шлангісінің ұзындығы: 2,50 м (бұл жағдайда ең үлкен бекіту ұзындығы 90 см).

ЭЛЕКТР ҚОСЫЛЫМЫ




- Жерге тұйықталатын ұяны пайдаланыңыз.
- Ұзартқыш сымдарды немесе штепсельді колодкаларды пайдаланбаңыз.
- Электр қуаты кабелін тек лицензиялы электр маманы ауыстыруы керек.
- Электр қосылымы жергілікті ережелерге сай орындалуы керек.


15




16



17




18




19




20




21




22



23



24



Whirlpool® Registered trademark/TM Trademark of Whirlpool group of companies - © Copyright Whirlpool Europe s.r.l. 2014. All rights reserved - http://www.whirlpool.eu

W10748621

RU KK

10/2014